

2010 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу өткізілетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды "Ақмола облысы Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 27 шешімі. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 қаңтарда № 1-2-124 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 10 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2010.07.09 № 10 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 бабтарына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережесілерімен» сәйкес, Степногорск қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2010 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу өткізілетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды «Ақмола облысы Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуін ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Степногорск қаласы әкімінің «Степногорск қаласы, Ақсу, Бестөбе, Заводской кенттерінде және Қарабұлақ ауылында тұратын 1992 жылы туылған азаматтарды «Степногорск қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жүргізу туралы» 2008 жылғы 11 желтоқсандағы № 24 (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-2-101 болып тіркелген, 2009 жылдың 16 қаңтарында «Степногорск ақшамы» және «Вечерний Степногорск» газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Степногорск қаласы әкімінің шешімінің орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә. Сәдуақасоваға жүктелсін.

4. Осы Степногорск қаласы әкімінің шешімі Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

С т е п н о г о р с к

қаласының әкімі

А.Никишов

КЕЛІСІЛГЕН:

*«Ақмола облысы Степногорск
қаласының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

Н.Асылбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК